



**С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
фармацевтикалық пәндер кафедрасы, 6D110400 - «Фармация»
мамандығы PhD докторанты Елекен Гульнур Кабдыгалымовнаның
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Лоратадин
таблеткасын жасаудағы технологиялық және биофармацевтикалық
зерттеу жолдары» тақырыбы бойынша орындаған диссертациялық
жұмысына ғылыми кеңесшісі, фарм.ғ.д., профессор
Устенова Гульбарам Омаргазиевнаның**

ПІКІРІ

Елекен Г.К. диссертациялық жұмысы, қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі Қазақстан Республикасының фармацевтикалық ғылымында отандық өндіріске барынша мемлекеттің бағдарламалары бойынша қолға алынған өзекті мәселені қарастырған.

Елекен Гульнур Кабдыгалымовнаның диссертациялық жұмысының эксперименталды бөлігі С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университеті, ЖШС «Антиген» ғылыми өндірістік орынында және Польша мемлекеті, Гданьск қаласындағы Медициналық университетінде орындалды. Автор алғаш рет минитаблетка жасаудағы тәжірибелік зерттеу жұмыстарын және технологиясын оңтайландыруға бағытталған жұмыстар жүргізді. Алынған минитаблеткалар Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармакопеясының талаптарына сәйкес стандартталып, тұрақтылығы мен сақтау мерзімі анықталған. Алынған минитаблеткаларына АНҚ жобасы жасалынған, және Гданьск қаласы Медициналық университеті базасында өндірістік - технологиялық сериясы алынған, өндірістік - технологиялық регламент жасалынып «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ базасында АКТ енгізілген. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері отандық және халықаралық ғылыми конференцияларда кеңінен жарияланған. Ғылыми зерттеу жұмысының жаңалығы патентпен бекітілген. Елекен Г.К. диссертациялық жұмысты жасау барысында, фармацевтикалық өндіріс технологиясы саласында, өзін толық маман ретінде қалыптасқан тұлға екенін көрсетті. Ол, практикалық және теориялық маңызды, ғылыми жаңалығы бар, ғылыми зерттеу жұмысын



жасады. Елекен Г.К. ғылыми және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты және өзінің зерттеу жұмыстарында фармацевтикалық ғылымның жетістіктерін қолданды, теориялық және практикалық білімі жоғары, фармацевтикалық технология, заманауи әдістерді талдауда біліктілігін көрсетті. Өзінің еңбекқорлығымен, критикалық ойлау қабілетімен, зерттеу жұмыстарына шығармашылықпен қарайтындығы диссертантты ерекшелеп көрсетті. Елекен Г.К. диссертациясы «Лоратадин таблеткасын жасаудағы технологиялық және биофармацевтикалық зерттеу жолдары» тақырыбы бойынша өзі орындаған, білікті, аяқталған ғылыми еңбек, қойылған мақсат, міндеттер, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы, сондай-ақ алынған нәтижелері жоғары дәрежеде орындалған. 6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша философия PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін және ресми қорғау үшін ұсынылды.

Ғылыми жетекші,

С.Ж. Асфендияров атындағы Қаз ҰМУ

Фармация департаментінің директоры

фарм. ғ. д., профессор



Б.О. Устенова